

Арал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 қаңтарағы № 366 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 13 ақпанда № 8364-11 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Арал аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Арал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары, осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Арал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" Арал аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 50 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8321 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арал аудандық мәслихатының төрағасы

Б. Турахметов

Арал аудандық мәслихатының
2023 жылғы 13 қаңтардағы
№ 366 шешіміне қосымша

Арал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілердің түрлері	Есептік бірлік	1 есептік бірлігіне жылдық норма, м3
1	2	3	4
1.	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,712
2.	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,481
3.	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	4,398

4.	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,308
5.	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,940
6.	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,207
7.	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,768
8.	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,049
9.	Мейрамханалар, дәмханалар, басқа да көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,977
10.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,124
11.	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,077
12.	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,052
13.	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	1,028
14.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,053
15.	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,064
16.	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	2,958
17.	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,468
18.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,505
19.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,691
20.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	2,035

21.	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,060
22.	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,599
23.	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	2,972
24.	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,135
25.	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,170

Аббревиатураның толық жазылуы:

АЖС – автожанармай құю станциялары;

м2 – шаршы метр;

м3 – текше метр.